

ЖАҢА ЗАМАН ПОЭЗИЯСЫ¹
(Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясы)

¹ Екінші бөлім. Негізі мына басылымда жарияланған: Қазіргі қазақ әдебиеті: ұжымдық монография / Авторлар ұжымы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 44-114-беттер.

қария да көрпеге батыңқырап отырап...

Осы жолдарда қимыл да, сурет те өзгеше бір айқындықпен, нақтылы ашылған. Мұндай, тілген таспадай айқын, тапқыр түскен тіршілік құбылыс-сәттері Жүмекен жырларында оралым сайын алдыңды кес-кестеп отырады. Үзінді өлеңдегі бір тармақтан бірнеше тармаққа ұласқан қайталаудың бастапқы қайталау мен аяққы қайталауды қатар алып отырып келтірілген үлгісі – қазақ поэзиясында кездеспейтін үлгі.

Жүмекен Нәжімеденов поэзиясы жайлы қарапайым сөйлеу қиын. «Қатырып» сөйлеу, асырып сөйлеу тіптен мүмкін емес.

Өлеңді ұйқас таңдап, құнды сөз, құлпырған сөз іздеп қумайтын ақын болмайтын шығар. Бірақ «қуатты ойдан бас құрап, еркеленіп шыққан сөз» сөйлеткен ақын көп емес.

Астарында алапат өмір қайнаған асыл жырға жан қуатын аямай төккен Жүмекен жырдың әр сөзі – ана тілінің құнары, құны.

Жүмекен Нәжімеденов дүниеге кісілік, ірілік, тұнық тазалық, інкәр сұлулық, жаратылыстың қиял жетпес тылсым күштері, адам пенденің астам көңілін таптап өтер тәкаппар заңдылықтары жайлы шаттанып, қуанып, толғанып, торығып, күйіп-жанып, қызынып-суынып жыр төгу үшін келіп кетті.

Шырылдатып торғайларды, шымшықты
Шығыс жақтан күйіп-жанып Күн шықты...
...Қанша арғымақ мінсең-дағы қаны ысты,
аспан – биік, көкжиек тым алыс-ты.

Жүмекен өлеңдері – «үмітті арман етіп ашыту», «Бір қария жүзі шұбар – таскәрі», «Ойдың бойы өсе алмапты бір елі», «бидайлардың ақ мұрты селт-селт етіп жатты үркіп», «ай да жүзін жаниды қара қайрақ аспанға», «Дүңк-дүңк етіп қан-тамыр тепкілейді шекені», «қасіреттің қасқыры әлдеқайда жатты ұлып», «Бебеулейді беті ашылған домбыра», «Сала-сала саусақтары шамдардың айсыз түнді көкірегінен итеріп», «Самал ғана лыпып ойнап жүр кезбе, бұталардың арасына кеш кірді», «Қоғалы көл, құм суы, көк орайы жап-жасыл – аунаушы еді боз аты жап-жасыл ғып жамбасын», «Майыспайтын мұз еді, түйе тепсе сырғанақ», «домбыраның күс қолмен төсін осып тырналап», «Жаңалық телеграф бағаны боп аттап-аттап кірді аңдап» т.б. «көз сүрінбей» өте алмайтын үндестіру мен шендестіру, салыстыру мен ауыстыру, айшықтау мен ажарлау.

Ақынның «Таудың бұлағы мен еменнің жапырағы» дастаны – ауқымды шендестірудің үздік үлгісі. Қарама-қайшылықтың үйлесімі ғажап сезімталдықпен айқын суретке айналған. Тіршіліктің жап-жарық, өткір нұры жаныңды баурап, жан-жағыңды қармап жетектейді. Беті қатты дымқыл тас пен ақкөбік толқынның жағаға соққан ерке назы көз қариды.

Жүмекен ақын таудан төмен төгілген бұлақтың динамикалық болмысын жаратылыстың абстракциялы ұғымдарына қарай ұтымды «бұрады».

Жарқ-жұрқ етіп баурайында сонша арық
аққанымен
шыңдар отыр томсарып:
Сабыр, қайрат,
Әлде қатал мінез бе,
Жан ұға алмас мінез бар ма бір өзге,
арықтардың ақ жалы оған жат па әлде –
қабатына қатпар болып қатқан не?!

Ұлы жарасым. Кеудені табиғатпен қауышқан сәттегі қуаныштың діріл
толқыны басады. Сурет жасау ақынға сөз емес. Сезінуі мен сезінтуін айтыңыз!
Қалтарысты, қойнаулары бұйығы
Ала тасқын қанша ұрса да үйіріп
Бүлк етпейтін неткен бүйір – бүйірі?!

Өмірдің тар өрісінде шарпысқан тіршіліктің қас-қағым сәттерін ақын
мәнге бұрып отыруында – Ойшыл. Жүмекен поэзиясы негізінде сюжетті өлең
болып келеді. Өлеңді өлең дегізер бір шарт – өлеңнің өзегі. Жүмекен
жырларында өзексіз өлең жоқ. Ақын поэзиясын жанрлық маңызда арнайы
зерттеу – тек Нәжімеденов шығармашылығын емес, нақтылы бір дәуірдегі
қазақ поэзиясының түрі мен тегін саралау үшін қажет.

Жүмекен Нәжімеденовтің «Жаңғырық» поэмасы – қазақ өлеңіне
қосылған жаңа жыр бағыты, жаңа түр. Қорғасындай ауыр көңіл мұңы.
Махамбеттің тағдырын уақыт пен кеңістік өлшемінде мейлінше поэтикалық
қуатпен толғау. Махамбет – қазақтың ары, орданы. Ақын тарих ақиқатын
алыстан барлап отырып, кезең шындығына ұрпақ жүрегімен жүгінеді.

« – Су да ағатын арындап Исатайдың барында,
Мына сорлы Жайықта – «адыра қалған Нарында».
Соңғы ұрыста Батырдың аты оққа ұшып мақтаған,
Көз алдында қорқырап бара жатты Ақтабан.
Нақ сол сәтте Махамбет – әй, о да бір ер кісі –
Ойнақтаған атынан түсіпті де жерге ұшып:
– Сіз мініңіз мұны, – деп тоса берген өз атын...

«Жаңғырық» поэмасында ақын дыбыстарды қуалай, астастыра
қолдануды мейлінше мол ұстанған.

Ақ шел жапқан жанардай түк көрмейді ақ аспан,
Түн көрмейді ақ аспан – тағдыр да сол о бастан...
Жанқа құстап жонғанда борап ұшар ағаштан
қиыршық қар борайды,
Ақ толқынды ат, ұлып.
Ақ Жайық пен ақ аспан, бір-біріңді сапырып –
Ақ боз мініп шықты, әне, жалғыз батыр ақырып:

ақыртып бір жырласаң, міне, саған тақырып!

Ақ түтек, ақ найза, ақ қылыш, Ақ жайық, ақ боран, ақ толқын, ақ боз ат, Ақ аспан, ақ қылау... Тар тезге түскен тағдыры талай ұрпақты толғантып келе жатқан ақын жанын ақыннан артық ашу мүмкін бе?! Қырық буын, қырық аяқ саясаттың суық сырын суыртпақтап, ел тарихының қаралы кезеңін бар қасіретімен өлең өзегіне айналдыруда Жүмекен Нәжімеденов Махамбет поэзиясының жаратылысымен туысып, астасып жатқан шығарма туғызған.

Махамбет – бар қазақтың ұлттың мақтаны. Күн астында жортқан ақ боз атты, ақ найзалы, ақ сауытты, ақ жүрек батырдың, Махамбет поэзиясындағы «Меннің» поэтикалық бейнесі – азамат ердің баласы Махамбеттің тұлғасы Жүмекен Нәжімеденов поэмасында заманалық, кең масштабты, тарихи мәнінде тұтас ашылған.

Жүмекен поэзиясы – Жүмекен ақынның жан жыры, жан мұңы, жан сыры. Ақынның сергек, сезімтал, секемшіл жаны көлгірсу, жағымпаздық, дүниеқоңыздық, т.б. әлеуметтік дерттің симптомдарын аямай ашық айыптайды. «Жылтырлығы үшін тасты бағалап», «Жағымпаздық тілін бүктеп салады, кресло болу үшін жұм-жұмсақ», «шолтаңдағыш келетін қысқалық», «өтімді арзан», «Айла өседі деседі, ұяты жоқ базарда, Сауда өседі, деседі, ел пиғылы азарда», «топастың торғай аулар торы»....

Ж.Нәжімеденов өлеңінде қажет жерде сөзді үзіп-үзіп, буынға бөліп келтіретін өзіндік үлгі жиі кездеседі. Ақынның бұл тәсілі – ырғаққа, буынға негізделген қазақ өлеңінің табиғатын өзінше «пайдаға жарату».

«Қорқыт жақындағанда», «семсер ілгеннің бәрі сүргін іздер сері емес», «жалғыз жібермеймін деп шылбырына жармасқан», «бас бағалап құлақтарына карап», т.б.

Жүмекен Нәжімеденов – тіршіліктің бар сәтін, бар бояуын, бар құбылысын жеке мәнінде де, жалпы мазмұнында да тынымсыз, тоқтаусыз, қалт жібермей қармап қалып, өлең сөзге ұластырып, өзінен кейін ұланғайыр, өзгеше жыр мұрасын, жұмбақ жаратылысты поэзиясын қалдырған жиырмасыншы ғасырдың аса ірі ақыны.

Алладан дарыған сезіну қуаты бөлек ақын атаулы тұяғы бүтін тұлпар өлең жазу парызымен өмір сүріп өтеді-ау.

Түрлі ішкі-тысқы себептер тұсау болып, бұғау салғанына бой бермей, өршеленіп, ой қуатын сарқып төгіп, дүниенің дүбіріне «ұйқы беріп, қайғы алып» қалыс қала алмай қатысып, әр сәт, ұлы күйін әлдеқайда аяусыз, айрықша шалқар сезініп өткен «айтқанға көнбес, айдағанға жүрмес» мінезді ақындар әлемдік поэзия тарихында бар. Ұланғайыр поэтикалық мұраны таптаурын тезге салып «реттеп, бағалап, құнттаған» боламыз. Уызында жарымаған таным талқысына тартып жұлмалап, жырмалаймыз. Ішкі бір аяусыз түйсігім өлең сөзге төрелік айтып, оның бәсін белгілеу сенің шаруаң емес дейтіні де – рас. Сілкініп, серпіліп, арғы заман мен бергі күннің ақындық өріс-өресі туралы дәстүрлі зерттеулерді қастерлей отырып, бірақ өзінше оқшау бір онды ойлар айтуға «ұмтылып» қоятыным да рас.

Өмірдің өткінші жолаушысының шектеулі күйін көлденең тартып, дағдылы көп сылтаумен уақыт өлтіріп жүргенім де рас.

Кешіріңіздер... Өзімді бірдеңенің тұтқасы санағандық емес. Осы шаруалар менің кәсіби парызым екендігін ұяла отырып мойындау...

Айқындауыш уақыттың адуын күшіне төтеп берген, өлең сөзде өз бәйгесі бар Жүмекен Нәжімеденовтің поэзиясы туралы айтылып келеді. Меніңше, мерейтойлар тұсында қызуланып, қозғалақтап қалатын дағдымыз ақын мұрасын түбегейлі заманауи таным айналымына қосып зерттеуге тежеу болып отыр.

Шартарап ғаламның әр сәтіне, бар бағытына қатысып, қанып ішіп өткен лирикалық түпбейне өлеңімен өзгеге сырын жайды.

Ақын поэзиясындағы дара астастыру, астарлау, айқындау түстер (цвет – Қ.М.) тұспалы, т.б. көркемдік амалдар арнайы зерттеуді күтеді.

Әлемдік ауқымда жанды образ галереясынан ойып тұрып орын алған Жел бейнесінің Жүмекен поэзиясында тағы бір басқалар байқамаған тылсым нақтылықпен әрленген құдірет, құпияларымен көлбеңдеп өтетін естен кетпес әсері бар.

Жел – бейтарап, бейжайды қозғаушы. Өмірдің екпіні. Бірде жайлы, кейде аяусыз. Жалғыз өскен ақ қайыңның жапырағын жан-жаққа шашып, өктемдік жасау озбыр желге оп-оңай. Сол жапырақпен қылжақтап ойнайтыны тағы бар. Дедек қағып әр бұтаны бір оятып жүгіретін де сол аңқылдақ алаөкпе жел. Нұрға бөккен өмір ынтықтыра түскен бір сәтте жел де аяулы.

Бара жатқан жоқ шығарсың от тасып,
Самал, сен де тоқтай тұршы, соқпашы:
Саусақтарың керек боп тұр сипауға
Түнгі алқапқа тұнып өскен шөп басын.

Жел бірде – жетім сөз. Кейде қорғасын бұлттардың түтетүтесін шығарып қуып кетеді...

Ақын өлеңіндегі бұғып жатқанды бұзып ағатын су қуаты, ақ қар, көк мұз, асқар тау, күндізінен түні сұлу құм ішінде үйірілген жаратылыстың жан жұмбағы елітеді, елжіретеді...

Жүмекен ақын – қазақ поэзиясына қилы себептермен қыспақ замандарда тосылып қалған туы түспеген сыншылдық сарын, азаматтық рухты жаңғырта, жаңаша дарытуда алдыңғы шепте тұрған, кейінгіге дәстүр тастап кеткен, өз мазмұн, өз маңызымен оқшау шыққан айтулы шығармашылық тұлға.

Өлеңге өмір құюдың нәжімеденовтік дара амал-тәсілдері, ақынның адамдық құққа араша тұрудағы айнымас азаматтық бағыт арналары түзілген шығармашылық нәр-қуат тарата, ғылыми жүйеде, дәстүр мен жаңаға негіздеп, бейімдеп бағалауды әлі күтеді. Ақын өлеңіндегі:

Суып кеттің, – бұл да анық, –
Суындырмай қойды ма:
Жібек тағып сыланып
Кірген жылан қойныңа, –

сынды, дүниені аярлықпен аңдап басып кезіп жүрген аш мысық сынды поэтикалық «табыс» Жұмекен жырларында асып-төгіліп жатыр. Ақын мұрасы тіл айшықтау, тілдік қор, тіл қолданыс бағытында да құнарлы зерттеу нысаны болар еді. Жұмекен поэзиясының жанрлық іргетасы туралы да зерттеулер жазылатын болар. Әр сәт, әр әрекет, арбау мен алдау, адал мен аңғал, өкініш пен өтірігі де – барлығы бірге мінгескен өмір арбасының бұралаң, бұрыс, түзу түскен шиыр-шиыр жолдарын сантарап оймен алысқа тартып жататын ықшам оқиғалы өлеңге салу машығының жанрлық жаратылысы әлі де жария бола қойған жоқ...

Текетірес тіршілік шырғалаңдарына ақын ақырын ғана көз тастап қойып, өмірдің күйін өлеңнің диірменіне салады.

Ықтиярсыз бөгесіндер (С.Рахметұлы. Монғолия) аз болмаған уақыттың түпниетімен санаса бермеген ақын өлеңіндегі аяусыз сарказм, эзоптық арна, құны бөлек өмірді елжіреп, жібіп бастан сипайтын сирек сәттер, тау аңғарында, құм ішінде, дала жолында қолына қылқалам алып, түрлі түс символикасын арқаланып бояулы өлмес картиналар сызған шабытты шақтарында туған, өзінің тым ұзақ емес мәнді ғұмырының өлшемін түзген таза мінсіз шығармашылық мұрасын игеру, сіңіру түгесілмейтін қайырлы міндет.

Жұмекен поэзиясындағы «бір керемет дыбыстың» үзілмей естіле беретіні – қазақ өлеңінің қашанғы мәртебесі.

Ақындық өнер арғы бастауларын Алланың ақиқат жолымен жүру парызын өтеу міндетін алғандығын адамзат әрдайым білген. Арада жолдан тайдырған замандар өткенімен, ақын атаулы ақтың жағы болып, ой төгу борышын ұстанудан тайған емес.

Қазақстан Республикасының егемендігі жарияланған 1991 жылдың 1 желтоқсаны ел тарихындағы жаңа дәуірдің есігін ашты. Ұлттық сөз өнеріміздің байырғы бай мазмұны жаңа уақыттың болмыс-бітім, беталыс-бағдарымен маңыздана түсті, әр қосып түлеп-түрленді.

Қилы тарихи себептермен шынайы өнерге тұсау болған қондырма мазмұн, қолдан жасалған кейіпкерлер, қолпаштау ұстанымы, әсірелей жазу, қисынсыз тартыс құру, тақырыпқа теліну сынды құбылыстар шығармашылық өрістен біртіндеп ысырыла бастады.

Адам тұлғасы көркемдік кеңістікке тіршілік құндағындағы бітім-болмысымен батыл енуге еркіндік алды. Қаламгерлер шығармашылық азаттыққа шықты.

Қазақ сөз өнерінің даму тарихындағы тәуелсіздік кезең әдебиеті атты жаңа шығармашылық уақытта қазақ поэзиясы жаңашылдықпен дәстүр байытқан, дара поэтикалық туындылармен өріс кеңітті.

Мәтінді ұлттық тұғырлармен әсерлеу; ежелгі жыр-толғаулардағы түпнегіз, дәстүрлі поэтикалық нысандарды жаңа дәуірдің мазмұнына ұтымды сіңіріп ұқсату; баяндау үрдісіне эпикалық үлгі мен лирикалық нақыштар үйлесімінің жатық орнығуы, т.б. суреткерлік бағыттары жаңа көркемдік дәуір поэзиясына әсер құйды, қуат қосты.

Қазақ поэзиясының алдыңғы буын өкілдері де, кейінгі толқыны да заманалар ақиқатын, ұлт тағдырына құбылыс (Ж.Бөдеш) болып енген, ғасырларды көктей өтіп аман жеткен Бостандықтың бас айналдырар бақытын, ендігі уақыттың жаңа бағытын, азамат ердің баласы көтерер замана жүгін өлеңге дарытуға асықты. Неден де болсын сескенбей, қалпын түзей бастаған халқының ежелгі ғұмыр ғұрпын, ұлтжанды рухын Тәуелсіздік тарихымен тоғыстыра, жарыса жырлады.

Ақындар арғы замандарды, аруақты бабалар тағылымын, бодандықтың азапты сапарларын, бүгінгі уақыттың болмысын оның әлі жазылып бітпеген жүрек жарақаттарымен, жан қуантқан тарихи әсерлерімен тұтас сезінді. Қазақ өлеңінің мейлінше дәстүр байытқан, жаңашыл өрістер ашқан өнімді кезеңі де осы жылдар болды.

Тәуелсіздік жылдардағы қазақ поэзиясы ұлттық болмыстың түп қайнарларын сезінудегі көркемдік тапқырлығымен, сыршыл саздарымен, әлеуметтік өткірлігімен ерекшеленеді. Өткен дәуірлердің поэтикалық шежіресін жасау салтқа еніп, қазіргі заманның тарихи жырлары жазыла бастады.

Қазақтың көрнекті ақыны Жарасқан Әбірашұлы елдік мұрат күрескерлері – XX ғасыр басындағы Алаш азаматтарының рухына бағыштаған тағзым жырлардан тұратын көркемдік құрылымы бөлек «Құлпытас» кітабын жазды.

Ақын абырой жүгі, ар тазалығы, кісілік мінез, қымбат адамдар, өмір ағыстары туралы толғанды. Артық туған жандардың дара мінез болмыстарын аялады.

Жарасқан қазақ поэзиясын таза поэтикалық бітімдегі текті, рухты жырларымен байытты.

ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Ұлықбек Есдәулетұлының отаншылдық, елдік мұраттармен суарылған сыршыл да намысты өлеңдер жинағы – «Киіз кітап» қазақ лирикасының қазіргі заманғы көркемдік әлеуетін көтере түскен рухани олжа есебінде бағаланды. «Мынау кітап тартып отырған талай тауқыметіміздің басын шолса да, кеудеңе үміт гүлін егіп, жігеріңе жігер қосатын, тәуекелге мінгізіп, тәубеңе келтіретін парасатты жырларға толы» (Ә.Кекілбаев).

Жайық үшін жан бергендер,
Еділ үшін егесіп.
Қиғаш үшін қырылғандар –
Қазір бір-бір төбешік...
Басын иіп өтуі керек
Уақыт өзі бұл жерден
Тағзым етіп тұруы керек келген қоғам төресіп.

Ұ.Есдәулетұлының «Киіз кітабындағы» «Күршім. Жаралы Барақ батыр». «Қобда. Исатай батыр қабірі». «Ұлытау. Құрбандық. Қобыз үні». «Қарой.

Махамбет». «Алматы. Желтоқсан» толғамдарынан түзілген «Қара шаңырақ. Иманнұр» топтамасы ата мекенді ардақты тұлғаларымен аялайды.

Ақындық «Меннің» алғаусыз рас болмысынан қайнап шығып жататын, бейнелі тілмен жасанған өлеңнің көркемдік кернеуі поэзияның бәсін көтере түседі.

Қара Қобда қан сасыды,
Көбік шашып қан ақты.
Қан кірпігін әрең ашып,
Қанды көзбен таң атты.
Қапияда қырғын тапқан қобыландар жанарын
Қарға шұқып,
Қорқаулар мен қара шыбын талапты.

Аса шынайы, жаны жұмсақ, кішіпейіл өлеңдерімен әдеби кеңістікке ерте, еркін кірген Ұлықбек ақын Тәуелсіздік жылдары өлеңін өткірлік дарыған, әлеуметшілдігі айқын тың бағыттармен байытты.

ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Несіпбек Айтұлының жүздеген жылдарға кеткен Азаттық жорығын, Бостандықтың арман-арпалыспен қолға түскен бағалы, кәделі жолын дәстүрлі эпикалық баяндау, аңыздау, тарихи жырлар үлгісінде толғаған дастандары Тәуелсіздік кезең поэзиясының көркемдік даму бағыттарында өзіндік мәнге ие болды.

«Осы Тәуелсіздік идеясы тоғыз дастанға ортақ желі тартқан бұл жинақ – «Тоғыз тараудан» тұратын «Тәуелсіздік дастан» атты эпикалық роман ретінде әсер қалдырады» (С.Қирабаев). Біздің уақытымыздың рухы тұнған «Бәйтерек» поэмасында ақын Астана туралы толғанады. Астана – тәуелсіздік құрбандарына мәңгілік ескерткіш.

... Желбіреп көштің алды жалаулайды,
Арқаға аққан судай ел аунайды.

Жанарып Қаратаудың ескі өлеңі,
Бауырынан Алатаудың көш келеді.
Сыртынан қарап тұрған дос сүйсініп,
Дұшпанның сұсты көзі сескенеді.

... Айналдым аруағыңнан, ер Кенекем,
Тәңірі тілегінді берген екен.
Тентіреп жердің түбін жеті айналып,
Қазақтың құты қайтып келген екен!

Астананың күн санап бой түзеп, қазіргі заманғы сәулетті шаһарға айналып келе жатуы – тұтас елдіктің тұғыры.

Жөңкілген Бостандықтың көші қандай,

Сарқылған құрдым қайта тасығандай!
Көзінен келгендердің қымсынады,
Жыртығын жүдеу қала жасырғандай.

Бұл – 1997 жыл. Ақын болашаққа болжам айтады. Сол болжам ертегідегідей шындыққа айналды.

Уақа емес, жалт қаратып дүниені,
Астана шыттай жаңа киінеді.
Қазақтың көсемінің алдына кеп,
Тәкаппар талай бастар иіледі!

Ата тарихты ілгерідегі бабалар дәстүрі машығында өлеңмен ашып, шежіре, шешен сөзге ұйыта баяндауды жаңғырту бағытын мығым ұстанған ақынның «Бас сүйектер», «Төлегетай», «Жалаңтөс», «Сардар», «Бердіқожа», «Ақмола шайқасы», «Желтоқсан – Мұқағали», «Ерлік пен тектілік», «Ту», «Тоғыз тарау», «Ерліктің ескерткіші», т.б. поэмаларындағы эпикалық екпін, есілген сөз оралымдарының поэтикалық салмағы құнарлы мазмұнға көркемдік маңыз қосты.

ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Есенғали Раушановтың «Ғайша бибі» поэмасы Тәуелсіздік тұғырлары бағытындағы эпикалық толғамның озық үлгілерінің бірі.

Ежелгі дәуірлерден бергі өзекті күйді – халық пен билік баянын Есенғали ақын жаңа уақыттың ең жауапты құбылысы мәнінде ақындық үрдіске батыл енгізді.

Діни ұстаным, дүниетаным бағытында да Алланың пәрмені, ұзақ адасуда жүрген адам баласының шектеулі тағдырын үздік көркемдеу тәсілдерінде тәпсірлеген Есенғали Раушанов әлем әдебиетіндегі шығарма бітімін Ұлы Мәнмен нәрлендірудің ежелгі озық арқауын қазақы пайымға қайта сіңіру бағытындағы қапысыз суреткерлік әлуетін байқатты.

Поэмада көркем әдіптелген тұспал, астарлаудың озық үлгілері ұдайы назарға ілініп отырады. Адамзат тарихымен қатар жасап келе жатқан көне де жасаң поэзияның аспан асты, жер үстін ұйытқан сырлы сазы құлақтан кетпей, дауалы күйімен әлдилейді. Е.Раушановтың дүниенің ұлы қисындарын сезіндіру машығы ақындық алқапты еркін шарлау рахатын сыйлайды. Әр сөз, әр тармақ, әр шумақта тұнған шыншылдықтың сәулесімен нәрленген поэтикалық мән ұлан-асыр көркемдік әсерге бөлейді. Ежелгі эпостың оралымды, ой жетегін үзбей есіліп жататын жатық баяндау үлгісі шығармашылық ұтымдылықпен дамытылған поэмада кейіпкерлер ой текетіресі, әрекет, аталы сөз ауқымында авторлық, азаматтық ұстаныммен астаса дараланып, тұлғаланады.

Шығарма құрылымындағы дәстүрге жүйрік, жаңашыл тәсілдерге де икемді дара сипатты ақындық қолтаңба назар аударады. Ақын ұлттық төлтума өнер айтыс өлеңнің қатты айтуға, ащы айтуға, бетке айтуға жол беретін

жанрлық мүмкіндігін ұтымды қолданған. Айтыстың бұқарашыл заңы шамданбауды, кектенбеуді міндеттейді.

Елдік салт, тұғырлы мемлекеттіліктің мәңгілік негіздері тұрғысында ой қозғаған шығармада автор аңыздық арқауды шындыққа сіңістірудің өзгеше бір үлгісін жасайды. Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбар, Күлтегін, Жігіт-қаған, ақын қыз Ғайша, мәңгілік ергежейлі жырлардың авторы Мәстекбай, Жылан-ханша, жыландар, заман, қоғам бейнесі тұлғаланған дастанның құрылым, тіл, образ ашудағы, табиғатты түйсіндірудегі шебер өрімі, автордың ой азаттығы, көркемдеу кеңістігіндегі шығармашылық еркіндік үйлесімі қазіргі қазақ поэзиясының озық бағыттарын поэтикалық әлуетін танытады.

Осы кезеңдегі поэма жанрының тақырып аясы, эпикалық құлаш-қарымы Жәркен Бөдештің «Аңырақай бекетіндегі ой», «Генерал Жохар Дудаев», «Исатайдың баласы», «Жалғыз», «Бостандықтың басы», «Қарауыл төбе», т.б. поэмаларында өзіндік көркемдік алымда көрініс беріп отырды. «Жолаушы» поэмасында күнкөріс қамымен шетке кеткен, толған соң Елді ұмытқан ұлдың айтқанға көнбес құлқын иіткен күй құдіреті, ұлттық рух қуаты жайлы айтылады. Асқар Егеубайдың түркі әдебиетін зерттеу бағытында нақтылы тарихи деректер қозғау салған «Шу батыр», «Мыс шаһар», «Қала салған қазақтар» егіздастаны сынды туындылары эпикалық жанрдың көркемдік өрісін кеңіте түсті. Ғалым Жайлыбайдың «Ақ сиса» («Жаяу Мұса»), «Киікқашқан» поэмалары, әлеуметтік ой-аңсары тегеурінді лирикалық өлеңдері, табиғи шыншылдығы, аяусыз сыншылдығы оның қазақ поэзиясындағы өзіндік дара сипат бағыттары орныға түскенін көрсетті. Елдік мұраттар қуаттандыра түскен екпінді заман шайырларының намыс жаныған озық жырлары – туы биік азаматтық лирика осы жылдарда тың көркемдік арналар ашты.

ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, ақын Нұрлан Оразалиннің халықтық, ұлттық мұраттар, биік адамгершілік ұстанымдар арқау болған сыншыл философиялық толғамдары тәуелсіздік дәуіріндегі поэзияның даму, қалыптасу бағыттарындағы жеке шығармашылық тұлға әлуетін айқындай түскен сыршыл лириканың озық үлгілері есебінде танылып, бағаланды. Лирикалық қаһарман ұдайы толғаныста. Жалпыадамзаттық, жаһандық түйткілдер мазасыздандырады.

Ақын жүрек қайғы, мұң, сағыныш, пейіл қосу сынды көңіл күй құбылыстарын ұмытқан жандардан шошынады. Ендігі кезеңнің мінезінен сескенеді. Жаһандандудың жатбауыр пиғылынан секем алады.

Бірге күліп, қырды асып, ой кешіп ем,

Бірге жүріп, сырласып, сөйлесіп ем...

Қалай?

Қайтіп?

«Ала арқан» аттадыңдар,

Түсінбеймін, жігіттер, кейде осы мен?!

(Н.Оразалин. Бірге күліп...)

Қайсыбір құбылысқа да бей-жай қарай алмаған әлеуметшіл ақын Жарасқан Әбдірашұлы уақыттың кей-кейде жер соқтыратын айнымалы мінезіне мақұл демеітінін батыл, батырып айтады.

Тулап туған құлының шыңғыруда,
Тулақ қылған тұлпарын қысыр заман.
Күнелтер доллар үшін жерді сатсақ,
Күні ертең қоныстайды балаң қайда?
(Ж.Әбдірашұлы)

ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Иранбек Оразбаевтың Абай дәстүріндегі өлең үлгілері ақынның қоғам, адам болмысындағы жан қыжылын, пәлсапалық ойларын көркемдік шешімге тартуындағы әсерлі бейнелілік дарытқан, ұтымды, жатық тәсілдердің бірі болып орнықты.

Мінезді өлеңдердің көркемдік-стильдік дара сипатын айқындай түсті.

Мен де –
Бетті бастым.
Мен де –
Тұра қаштым:
Көбігімен жудым кір –
Көзден аққан жастың...

Ақын нарық заманының ауыртпалықтарын сезінеді, жаһандану дәуіріндегі халықтың керенау, байғамдау қалпына алаңдайды, күйіп, күйзеледі. Оның поэзиясындағы өткір сыншылдық, қалғымайтын қырағы азаматтық ұстаным, жаңа үлгілер, өзіндік поэтикалық кеңістік қазіргі қазақ өлеңінің мәнді көркемдік нышандарына айналды. Қоғам кінәраттарын, адам бойындағы опасыз, осал мінездерді ақын соншалықты кешірімсіз, түйіліп, қатты, аямай, ашынып мінейді.

Ақынды жібер еркіне,
Тепсініп жырын оқысын.
Өртесін өлең өртімен
Дүниенің кейбір қоқысын, –

деп Әбділда Тәжібаев айтқандай, Иранбек ақын айналасына тым талапшыл, сақ көзбен қарайды.

Қазақ поэзиясындағы дәстүрлі, ел мінезіне күйіну, күйзелу, алаңдау сарыны белгілі ақын Исраил Сапарбайдың «Рухнама» жыр жинағында да айқын «Тайқазан», «Қазақты жаңаша таныстыру», «Менталитет», «Жаһандану жаңғырығы», «Ерлердің ісі бітер ме?!», «Менің әлемім», «Отырар ойлары», «Біздің қоғам» толғамдары – қаламын құрғатпай замана күйіне алаңдап отырған ақынның қалпын қапысыз сезіндіреді.

Әдет шіркін қала ма, қанға сіңген?
Әлі күнге келеді арбасумен.

Жалқаулығын қайтерсің алабөтен,
Алтын басып жатқандай жамбасымен!

Тәуелсіздік кезеңіндегі поэзия XX ғасырдың адамзатқа жасаған асқан «сыйы» – атом апаты тұрғысында елеулі ойлар толғады Жарасқан Әбдірашұлының «Сортопырақ» поэмасында лирикалық қаһарманның түсіне жалғыз көзді сәби кірген... Космодром сәбиі. Полигон сәбиі. Атом сәбиі. Тумай жатып өліп қалған шарана. Үрейлі ғасыр ұрпағы...

Жалғыз көзді баланы лирикалық қаһарман әкелік жүреппен жақсы көреді.

«Әке» деген бар дейді, көрген жоқпын
«Ана» деген бар дейді, емген жоқпын...
«Қызық» деген бар дейді – қуған жоқпын,
Туған жоқпын...
... демек мен өлген жоқпын!

Қазақ жеріндегі қырық жылғы жарылыстың бақ үркіткен бейдауа опаты азаматтық лирикада ширыққан серпінді желі түзді.

Бауыржан Жақыптың «Жан дауысы» поэмасында үгіліп борға айналған тау сөйлейді, тас жылайды, бетін басып тыр жалаңаш бұта егіледі, суы қашқан сорлы бұлақ жоқтау әнін боздатады.

Атом ғасырының құрбаны – ақынның туған жері. Дегелең тауы, оның аумағы мен аңғары, аңы мен құсы, асқары мен асығып аққан суы.

Туған жер бесігінде
Құндақталған
Ару тал інгәлайды
бір қапталдан.

Б.Жақыптың «Тамыздың жиырма тоғызы» атты ұзақ толғамында жарылыстың бейдауа сұмдығы, жан шыдамас ақиқаты және бір қырларынан ашыла түседі.

Тамыздың жиырма тоғызы...
Күн емес, алып шар шықты.
Дегелең деген өр таудың
Кеудесінен сол күні жан шықты.

Тәуелсіздік жылдар поэзиясында ұлттық бітім даралығы, дәстүр, салт-сана, туған жер, ата-анаға сағыныш, адамдық қилы аңсар, көңіл-күй, сезім жырлары сыршылдық бағыттағы жаңа ағыстар түзді.

Ақұштап Бақтыгерееваның әйел-Ана, ата мекен Ақжайық, туған ауыл, Ана тілі, ата салт, адамгершілік игіліктер, ұлттық құндылықтар, қазіргі қоғамның көкейкесті күйлері тұрғысындағы сезімді, сырлы, жаз мінезді, кей-

кейде сынық көңіл, кейде өктем де өр жырлары өзекті ой айту үшін «ойбайлай» берудің міндетті емес екендігіне меңзейді.

Ақын тастанды баланың жайына алаңдайды, бойжеткеннің абыройын ойлайды, өмір сабағын үйреткен Анасын сағынады, әкенің тау тұлғасына тағзым етеді, ауыл-үйдің ажарын кіргізген аяулы адамдарымен пейіл бөліседі, соғыс, қуғын дегендер болмаса екен, елімнің еңсесі биік, жүзі жарқын болсыншы деп өбектейді.

Ақұштап Бақтыгереева лирикасында тұлғаланған бейнелер ұлттық дара сипат, ұлттық болмыс тұтастығының жанды дәйегі деңгейіне көтерілді.

Ақынның «Наурыз» толғамы осы бір арғы тарихы адам ғұмырымен бір тұтасқан ұлы мерекенің рухани мәнін жоқ іздеген жолаушы ұлтының жоғалғаны табылған, айтқаны болып, арманы озған құбылысымен аса нәзік әрі сәтті астастырады.

Жыл басы деген жалғыз үн,
Құлақта алыс
Алпыс жыл бойы қалды ызың.
Қадіріңді ұқпай
Кетіп ек тәңір танымай,
Адасып қайта жолықтың бізге, Наурызым!

Сен қажет болдың біздерге,
Қанағат таппай
Көктемнің түгіл күзден де,
Мейірімнен күдер үзгенде
Күлкісі аздау тірліктен
Қажыған шақта
Біз шықтық сені іздеуге.

Бас ию білмей асылға
Қатыгез болған
Қария түгіл жасың да,
Темір адамдай
Жүрегі салқын ғасырға
Сендей бір мейрам
Қажет те шығар расында.

Ақын адамсүйгіштік пейілі асып-тасып жатқан Өз Наурызбен ұлтының ұмыт бола жаздаған ұлы құндылықтары қайта оралатынына шаттанады.

Ұлт кіндігі байланған Ауыл қазақ баласы үшін дүниенің бар қымбатын сыйғызған ұғым.

Анасы, атасы, бабасы ғұмыр кешкен, елдік рух жайылған ауыл – осы кезең поэзиясында болашағы алаң туғызар қаяу көңіл, аяулы, амалсыз қалпында көркем бейнеге тұтасты.

«Голиафтың ауылы» өлеңінде Гацын жадында ұдайы сәулеленіп тұратын сөнбес шырақ – Ауылдың ендігі қалпынан бір түрлі қайырсыз күй сезінеді.

Ауыл деген бұл емес мен білетін!

... ..

Жүрегімнің түбінде жанып тұрған

Кез келді ме

Шырақты сөндіретін?

(Ұ.Есдәулетұлы).

Тәуелсіздік жылдары қазақ лирикасы шыншылдық сәулесімен қуаттанған ішкі мазмұнға тұнған дүние құбылыстарын сезіндіру тәсілдеріндегі тосын шеберлік алымдармен құнарланды.

Адамның әрқилы күйзеліс, жадаған сәттері, арғы түкпіріндегі жан қаяуына әрдайым ортақ болып отыру – ақындық болмыстың әлімсақтан бергі адамсүйгіштік артықшылығы.

Тоқтаған сәт поезд ауыр тербеліп,

Сыртқа ұмтылды ел келіп.

Тоқаш көкем шықты дағы вагоннан,

Перрон бойлап жүрді біраз сенделіп.

Алматыны жек көріп,

Тісін қайрап, әлденеке кектеніп,

Елге қайтып кеткісі кеп оқталды ол,

Тамағына бір ащы жас кептеліп.

(Е.Раушанов).

Қайталанбас мінездің ақыны Тоқаш Бердияровтың бір сәттік көңіл күйінен тұтас тағдырын көретіндейміз.

Сазды лирикалық жырларында Есенғали шайырдың ақындық «мені» сәт сайын жарық дүниенің сан-мың сиқырына елтіп, елегізиді. Сол шақтарда әлемдік дүлдүлдермен жарысса, озып келетіндей кейіпті, нұрлы, тұңғиық, тегеурінді, аяулы жырлар төгіледі.

Оның байсал тапқан поэзиясы ұдайы «кереге қанат құстарға», «шиқан бет Айға», «өлеңін созып» ұзаған тырналарға алапат сезімдермен ынтыға түсіп, көңілі тасып, көзі қуанып қараудан жалықпайды.

Ақын жүрек арпалыс дүниеге араласуға асығады. Жанға жайлы шуағына еміренеді. «Шаһ Батырдың шатырында жатқандай» шалқиды. Кейде оны ой басады, мұң жаулайды.

Поэзия – өмірдің нұрымен астасып жататын құбылыс. Дүниеболмысты ұдайы байырғы, қалыпты, «белгілі» күйінде көре бере алмайтын, көре беруге көнбейтін асау мінезі бар; құпияға, жұмбаққа әуестігін қоймайды. Сезіміне серпін іздейді. Құбылысы көп, айнымалы дүние өлеңге сол мінезін сіңіреді. Түрлендіреді. Түлетеді. «Дүние сырын қорытудағы оқшау көзқарастарын аңғартады» (Б.Майтанов).

Тәуелсіздік кезеңнің әдеби дамуындағы тыңға түрен салған ізденістер модернистік, постмодернистік жазу үлгілерінің Т.Медетбек, Ә.Қайран, Т.Әбдікәкімұлы, Ж.Бөдеш, Н.Оразалин, Ұ.Есдәулет, Е.Раушанов, Г.Салықбай, М.Райымбек, З.Елғондинова, Ж.Әскербек, т.б. ақындар поэзиясындағы нышандары, олардың шығармашылығындағы жаңа көркемдеу тәсілдері бұл дәуір поэзиясының танымдық, түйсіну, сөздің шексіз бейнелеу мүмкіндіктерін кәдеге жарату бағытындағы елеулі көркемдік жаңғыруын танытады.

ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Темірхан Медетбек көне түркілік өлең түрінің қазіргі поэзиядағы өзіндік үлгілерін түзді.

Еңкейгенге еңкейдім
Шалқайғанға шалқайдым.
Асқанның орманын
Отындай өртедім.
Тасқанның көлдерін
Астаудай төңкердім.
Қысқанда
Қу ағаштан бу шығардым.
Сыққанда
Қара тастан су шығардым.
(«Қуат жыры»).

Ақын лирикасында бұл үлгі өнімді қолданыс тапты.

Мен бүгін майдай еріткен
Жақсы сөз естідім.
Сол сөзден
Тұла бойымды
Құрсаған көк мұз
Сеңдердей сөгіліп
Сатырлап түсті.
(«Жақсы сөз»).

Мына ақынның
Желді күнгі өрттей
Бұрқырауын-ай.
Елін ойлап
Жан жүрегінің
Шырқырауын-ай.
Жерін ойлап
Сай-сүйегінің
Сырқырауын-ай.
Бір өзі –
Азап пен сор көріп
Намысын жаныған

Тұтас бір
Ұлт секілді.

(«Шабыт үстіндегі ақын»).

Сені қайғы-қасірет
Шырмауға айналды.
Барқыттай
Жасыл көйлегің
Шұлғауға айналды.

(«Жер шары»).

Темірхан Медетбек көне жыраулар поэзиясындағы ұйқассыз өлең үлгілерін, тармақтардағы буын санының әркелкілігін қазіргі поэзияның көркемдік өрісіндегі өзіндік стильдік өзгешеліктерге ұластырды.

Лирикалық қаһарманда бейнелі сыр көп. Сапырылысқан сезімдері елітеді.

Түсін, балам,
Мені де түсін, балам,
Сыртым шуақ болғанмен
ішім – боран...
Көктем өтті, жаз да өтті,
күзім келді.
Қарсы алам ба, білмеймін,
қысымды аман...
Қалай да жанарыммен қатар сөнбе,
Тамшы бол тарыққандар татар шөлде!
«Өмір!» деп өрекіген жүрегімнің
Жан даусы жаңғырығып жатар сенде...
(Ж.Әбдірашұлы).

Кешіріңдер
Жасырылған жарамды –
Ешқашан да таңбаған.
Кешіріңдер қолымдағы қаламды –
Құмарым бір қанбаған.
(Г.Салықбай).

Сарғая сартап болған сүйегі ыстан,
Мен де бір домбыра едім тиегі ұшқан.
Бұғауда қызыл тілім бұлқынғанда,
Бақсыдай аласұрдым ие қысқан.
(Н.Айтұлы).

Қуанып, қызық өмір сүре алмадым,

Биікке шақырмады мені құсым.
Не істеуге болатынын біле алмадым
Сізді бір көру үшін...

Кешіріңдер
Құрметсіздің қулығын
дер кезінде ұқпасам.
Қырық тесік болса-дағы сулығым
Қабағымды шытпасам.
(Г.Салықбай).

Ертпей кетті жаңа ағындар жаныққан,
Ерейін деп мен де елпілдей қойғам жоқ.
(Е.Раушанов).

Заман-ай, әңгүдік таз той бастаған,
Заман-ай, қотыр серкеш қой бастаған.
(Ғ.Жайлыбай).

Поэтикалық тіл қолданыста ой мен образ тұтасқан күрделі оралымдарды іркілмей, қиналмай төгіп тастайтын ақындық өнер, жыр шайырлары айқындау (эпитет) мен ауыстырудың (метафора), алмастыру (метонимия) мен кейіптеудің (аллегория), егіздеудің (параллелизм), шендестірудің (антитеза) үздік бейнелеу жүйесін түзді.

Қазақ поэзиясы сөз айшықтаудың небір қайталанбас үлгілерімен молықты. Ақ қар мен көк мұз құрсанған қыс, желмая жел, сылдыр бұлақ, жаңбырлы күздің суланған сары жапырағы тілге келіп, сыр ашты.

Тәуелсіздік жылдар поэзиясында ана тілдің бейнелеу мүмкіндіктері ашыла түсті. Дала суреті, тау аңғары, судың түсі, бұлақ күлкісі, бұта сыбдыры, Тәуелсіздіктің саумал дәмі, кәрі тарихтың мәңгілікте қалған таңбалары, адамның ақ пейіл, алаң көңілі, шаттығы мен шарттылықтармен шарпысуы, «күн түспейтін қырлары да сәулелендіретін» сөздің құштар нысанына айналды.

Тіршілік иірімдерін ақындар тосын метафоралармен тұспалдады, керемет кейіптеулер жасады.

Мойны қандай, сағағынан үзілген!
Қандай және құйрық-жалы сүзілген!
Көзі қандай!
Қарашығы аумайды-ау
Жауын жуған мөлдір қара жүзімнен!
(Ж.Әбдірашұлы).

Аңғарлардың танаулары
Бұлттарменен дем алып
Делдиіп тұр...

(Т.Медетбек).

Асылып бел-белеске жолдар жатыр,
Шашылып жиналмайтын арқандайын.
... Судағы серуенге ойы кетіп,
Күн жүзді толқындарды қайық етіп.

(Б.Жақып).

Тәуелсіздік жылдардағы қазақ поэзиясының айтулы өкілдерінің шығармашылық бағыттары туралы зерттеу еңбектер жарық көрді.

Қазақ поэзиясының аға буын өкілдері мен жас ақындардың таңдамалы томдарын, жеке жинақтарын шығару үрдісі жалғасуда. Бүгінгі Уақыттың өзекті күйлерін, өткен тарихтың тағылымын, келешектің баянды бағыттарын ұлттық сана, ұлттық болмыс, ұлттық мұраттар, ұлттық мүдделер, жалпыадамзаттық игіліктер ауқымында толғап отырған өміршең поэзия – халқымыздың сарқылмайтын рухани қуаты. Тәуелсіздік жылдары ішкі қуаты мығым көркемдік тұтастық, поэтикалық өріс түзген туындыларымен даралана түскен Серік Ақсұңқарұлының жан қайрайтын өткір өлеңінің бірі – «Ана тілім, Алашымның көзі едің». Төрт шумақ ұлттық бітім бүтіндігіне төнген қауіпті, ұлт ұлының тауқымет, қасіретін шашау шықпаған шеберлікпен қозғайды.

Ақын тұспалындағы бесік жырын айтпайтын өгей шеше – ауыр шындық.

Ана тілім, Алашымның көзі едің,
Өртенеді өзегім...
Үндемейді бесік жырын айт десем,
Өгей шеше – өз елім?!

Жан жадаған бір сәттерде ақынның көңіл шері өзекті жайларды жасырмай жайып салады.

Бүгін – барда,
жайлауда едім кеше мен,
Шарап ішем қымыз ішпей кесемен.
Өзегі шер ұрпақпын мен азалы,
Өз шешем жоқ...
Қалдым өгей шешемен!

Серік Ақсұңқарұлы өмірдің алуан бояуын астастыру, айшықтаудың озық табылған үлгілерімен сәулелене түскен әлеуметтік арқауы берік өзгеше әсермен баурайтын, ұлт жадын жаңғыртар сезімді, серпінді жырлар жазды. «Сүргендей ек түсінде өмір», «Пенделік қасіреті», «Өмір өтті тарихтың арнасында», «Цивилизация! Аждаһа құсап ақырған...», «Маңдайдағы сенің сорың бес елі», «Имам Шәміл», «Бір болатын дүниеде сайран көшім», «Төлеужан Ысмайылов», «Еркектер», «Екі ит туралы баллада», т.б. сынды

лирикалық қаһарманның жан арпалысы бейжай қалдырмайтын ой салмағы ауыр, өлеңдерге ойысты.

Бойда қан барда құрушы ма еді тек деген,
Темірге иленіп не түрлі?
Цивилизация! Мен сені иттей жек көрем –
Үрейлі үндіс секілді.

(«Цивилизация! Аждаһа құсап ақырған...»)

Сүргендей ек түсінде өмір.
Сен де – бала, мен де – бала ек.

(«Сүргендей ек түсінде өмір»)

Балалық шақтың таусылмайтын ғажап ғұмырының қайталанбас қымбаты, үздік ұғымы.

Құлагерім қайда десем кешегі,
Батыраштар басын алған деседі.
Қайтем мына қазақ деген мұндасты, –
Ақан сері – құшақтаған қу басты....

(«Маңдайдағы сенің сорың бес елі»)

Алдында оның Алла ғана тұр еді,
Жек көретін ол да құлдық шідерді,
Алды дағы шыбын жанын,
Кавказға
Рух қылып –
Үрлеп, шашып жіберді!

(«Имам Шәміл»)

Ақын «Бір болатын дүниеде сайран көшім» атты бір өлеңінде өмірдің өкпек желінде көз жазып қалған досқа «О дүниеде осындай өмір болса, мен сені қайтсем де тауып алам» деп жан ашады.

Ақын жүрегі - барша қиянат, жаманаттың қалқаны. Үздіксіз алапат майдан жүріп жатқан жан алаңы. Ол рухты жырлар жасайтын ұстахананың шалдықпайтын, аял таппайтын алып көрігі. Сонда да бір сәт қажып, қалжырайды. Жан түршігерлік албасты әрекеті көбейіп бара жатқан ғалам «мұзда жатқан махабаттың мәйіті».

Жауындардан қажыдым,
Дауылдардан,
Оқшауланған оңбаған қауымдардан.
Жүрегі жоқ – серейген денелерден,
Бауыры жоқ – ағайын-бауырлардан.

Ақындықтың арманбиігі шуақ шашып, тылсым тереңі шымырлай толқыған «Марина Цветаева әуенімен», «Бұ дүниеден баз кешкенде қарағым» сынды мәртебелі жыр қуат ашқан шығармаларында Серік Ақсұңқарұлы дүниедегі ең қымбатты, бүкпесіз шаттығы – өлеңге деген өлшеусіз асқақ махаббатымен баурайды.

Әрбір жырым – Махаббаттың Баласы.
Заңды, не заңсыз туған шамасы.
Әкесінің кім екенін кім білген?
Менмін Оның Анасы.

Жұмақтың да, Тозақтың да орны –
Жүрегімде.
Содан – кие қонуы.
– Әкесі кім? – Патша шығар?! – дейді жұрт.
Мүмкін, тіпті, ұры-қары болуы.

Тәуелсіздік жылдар поэзиясында айқын бел алған ұлттық мүдде, мұраттар рухымен суарылған ой еркіндігі оның шығармаларында өз кеңістігін түзді.

Қазақ лирикасының сарқылмайтын кәусар бағыттарындағы мейілінше дара дауысты дарынның бірі – Жұматай Жақыпбайұлы. Оның поэзиясы ұдайы өмірге ғашық тұнық жырлардан түзілді. Дүние-болмыстың нұр-шуағынан қапысыз жан рахатын сезіну дағдысы қызықтырады. Ақжүрек ақын көлеңкені көргісі келмейді. Оны жалпақ ғаламды жайлаған құдіретті нұрдың болмашы көңілсіз көрінісі деп көз қырын да салмайтындай.

Жүрегінде ғашық оты маздаған ақын Жұматай қазақ махаббат лирикасында тың бағыт ашып кетті. «Жұматайдың қысқа ғұмырында отыз ойланып, қырық толғанып жазған Ләйләға арнаған өміршең өлеңдері, сонау XIII-XIV ғасырда өмір сүрген Италияның ұлы ақындары Данте мен Петрарканың тағдырын еске түсіреді. Дантенің Беатричесі, Петрарканың Лаурасы, Жұматайдың Ләйләсі өте ұқсас». Жұматай Жақыпбайұлы жан тазалығы, ар тазалығы ақ самалдай тербелген, ғұмыр бойы ғашық болған. Ләйлә аруға шерткен сезім сырларымен ғашық адамның атам заманнан бергі алай да бұлай көңіл сұрапылы шалқыған бүкіл адамзаттық, шығыстық та, батыстық та үздік, озық жырлармен иық тірестірген шеберлер қатарына қосылды.

Қарадың солай, қарадың солай, обал не,
Қарамадың ба, жоқ әлде?
Кетіп те қалмай, кетіп те қалмай, содан көп....
Керемет бір ой кешікпей маған соғар деп,
Балалық шығар, бармадым сенің қасыңа,
Батырлығым басыма пәле болар деп.

Ойладым солай, ойладым солай, обал не,
Қате ойладым ба, жоқ әлде?

Ләйләға арнау өлеңдердегі қайталау үлгілерін ақын мақсатты түрде көркемдік тәсіл етіп алған. Қайталауларында ақын үздіксіз, үзілмейтін, қайталанып жаңғыра беретін ой-сезімінің тұрақты, түпқазық – бұзылмайтын, мызғымайтын «характерін» жасайды. Ол Ләйләні «Қайыспайтын қара жерше» сүйеді. Жұматай поэзиясындағы өмірсүйгіштік бағыт күйкілік, күйреуге бой бермейтін адамның жасампаз жанына жағымды мадақ айтатындай.

Дүние сыртын бергенде,
Мырс еттім бейбіт көңілмен,
Боз жусан өсіп белдерде
Бозторғай үні төгілген.

Ақынның «мейірімге толып мейрамдап жүрген кезінде, Қаратал құсап тасиды қара сөзі де».

Албырап жүзі, ақсған тісі пәк күліп,
Бойжеткен қыздар біреуін көрсе аптығып,
Сабағы жұмсақ сарғалдақ сайдан терді ме,
Арқаға тұлым лақтырып?

(«Мамырым менің»).

Жұматай поэзиясы тіршіліктің ұдайғы сұлу қозғалысы іспетті серпінді, ықшам, әсерлі, нәрлі, қызу – қымбат.

Жез тастар жатқан желегі қалың көк белге
Екі үйір жылқы еміне сүңгіп кеткенде.
Балқаштан бері жолаушы шыққан кеме – бұлт,
Трюмін ашып, төбеден бұршақ төккенде.

(«Жаз күйі»).

Жұматай Жақыпбайұлының шығармашылығындағы елең еткізген елеулі бір арна – ақынның Кенежирен аттың сынын сипаттауы. Қазақ поэзиясындағы дәстүрлі желі оның Кенежиренге арнаған жырларында жаңа сурет, тіршілік hareketі, жасампаз байқампаздықпен дамып, байи түсті.

Арқасы қозса, ылди ма, өр ме елемей,
Зымырар еді сындарлы, сырлы жебедей.
Ауаны тесіп, аспанда ұшқан кемедей
Немесе безіп түрмеден шыққан немедей.

(«Кенежирен»).

Баяғының батырларында ат баптаған ақын «Кенежиренді сатып жібергенде» өлеңінде құдды Құлагерін жоқтаған Ақан сері.

Жирен тұлпар іштен туа қасқабас,
Молда мінсе, дұғасынан тастамас.
Бермейтін-ақ атым еді, қайтейін,
Бес моторлы самолетке баспа-бас.

Ақын Ибрагим Исаев Жұматай шайырдың поэзиясына: «Сырқат жүректі сауықтыратын жырлар», – деп өте орынды баға берген.

Тәуелсіздік жылдар поэзиясында өндіре жазған, өнімді жазған өлеңіне ел құлағын түрген ақын Рафаэль Ниязбектің «Аласамын халқымнан», «Ата қазақ», «Туған жер», «Қазақ рухы», «Егеулі найза», «Құлаған зымырандар», «Ақын мұңы», «Киіктердің көз жасы», «Алматы мен Астана» т.б. рухты туындылары түзген дара шығармашылық әлемі елеулі орын алды.

Алла жарылқап,
Алатау боп кетсем де,
Құдай қолдап,
Қаратау боп кетсем де,
Аласамын халқымнан.

(«Аласамын халқымнан»).

Рафаэль Ниязбектің шығармашылығындағы өзекті бір сала шешен халқының азаттық күрес тарихы болып орнықты. Р. Ниязбек – жалпы адамзаттық өреде ізгілік, кісілік, әділдік мұраттарын көркемдік кеңістікке алып шыққан адамсүйгіш поэзияның ХХІ ғасырдағы белгілі өкілдерінің бірі. Р. Ниязбек тәуелсіз қазақ мемлекетінің тұңғыш президенті – Елбасы жайлы «Айбозым менің» өлең-романының авторы.

Темірхан Медетбекұлы шығармашылығының тәуелсіздік кезең әдебиетіндегі мән-маңызы оның поэзиясындағы түркішілдік ізденістері, азаматтық лирикадағы ақындық бітімі тәуелсіздік кезең поэзиясының дара сипаттарын түзуде елеулі мәнге ие болды. Ұлттық болмыс-бітімге тән ірілік пен кісілік күйкілікке шыдамай күйіп кеткендігі туралы сыр шерткен ақын нені меңзейді!?

Осы бір қарттың,
Шар болаттай берік
Сүйегі асыл еді.
Сөздері
Қарағайды
Қақ жарып жіберердей
Жасын еді.
Мінезі
Қарлы күнгі дауылдай,
Желді күнгі жауындай
Қауіпті

Тау өзендеріндей
Ағысты болатын.
Қалауына кім кірсе де
Қабыландай атылатын
Намысты болатын....

Ақын өз дәуірінің өткіріне жүзін тосады. Өксігін ойлап ұйқы береді. Шамырқанады. Шамданады. Темірхан Медетбекті Герольд Бельгер: «Он – Темирхан Медетбек яркий представитель махамбетской школы казахской поэзии» – деп бағалайды.

Махамбет дәстүріндегі азат өлең, озық күрес жыры, суырған семсердей өткір сөз үлгілері – Темірхан Медетбек поэзиясының қайталанбас өзіндік бағыты. Ақын поэзиясы образды оралымдарға бай. Тапқыр, тосын байламдары қазіргі қазақ поэзиясының көркемдік қуат-әлеуетін аша түседі.

Үмітім –
Шіріген жіп құсап! –
Бырт-бырт үзіліп жатыр.
Ойларым
Ойран болып –
Бомба түскен үйлердей
Бұзылып жатыр.

Шығармашылық аспанында найзағай ойнап, бұлт көшетін шақтары көп ұлтжанды ақынның жан алауынан туған бабалар рухымен суарылған зайырлы, көктүріктер аспанындай асқақ, жалпы адамзаттық лирикасы – ХХІ ғасырдағы қазақ поэзиясының жаңа бағыттағы озық поэтикалық арналарының бірі. Темірхан Медетбектің «Ұлықбек Есдәулет» арнау-өлеңінде тәуелсіздік дәуіріндегі шынайы ұлт ақынының болмысы бой көтерген.

Күлсең де
Күрсініп күлесің!
Жүрсең де
Жердің шетінде
Желдің өтінде жүресің!
Өйткені заманың
Орай да борай соғып тұр
Тағдырың солай болып тұр.
Ұлықбек!

«Қазақ әдебиетінің тарихы» көптомдығындағы арнаулы монографиялық тарауда Тәуелсіздік кезең поэзиясының даму бағыттары мен дара сипаттары тұрғысында толымды пайымдау жасалды. «Тәуелсіздік жылдарындағы әлеуметтік-рухани дағдарыстар, экономикалық-тұрмыстық ауыртпалықтар, содан кейінгі бірте-бірте еңсе тіктеудің, қиындықтарды еңсерудің қазақ поэзиясында бейнеленуіне мысалдарды көптеп табуға болады. Әсіресе,

күрделі де кесек ой-толғамдар тұтас жыр жинақтарына арқау болғандығын ашып айтқан жөн. Мәселен, Қ.Мырза Әлидің «Заманай!», Т.Медетбектің «Тағдырлы жылдар жырлары», үзінділері мерзімді баспасөзде жиі жарияланған «Көктүріктер сарыны» жыр топтамалары, Н.Оразалиннің «Құралайдың салқыны», Иран Ғайыптың «Жыр әлемі», И.Сапарбайдың «Махаббат пен ғадауат», Н.Айтұлының «Рухымның падишасы», С.Тұрғынбекұлының «Жерорта», Ж. Бөдешұлының «Жұлдызға орын ай бермес», Ұ.Есдәулеттің «Киіз кітап» атты туындылары идеялық көркемдік ізденістерінің өзгешелігімен жаңа қоғамдағы жаңа әдебиеттің талаптарына сай деңгейде назар аудартады. Бұл кітаптар тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығындағы адам және қоғам, адам және уақыт, лирикалық кейіпкер және дәуір аясында ой-санадағы күрделі өзгерістер атаулыны жан-жақты қамтуымен де ерекшеленеді» (Ә.Қайырбекұлы).

Тәуелсіздік алған жылдарда қазақ әдебиетінің көркемдік мазмұны, тақырыптық, идеялық бағытта жаңа кеңістіктерге ойысты. Дәстүрлі эпикалық жанрдағы жаңашылдық үрдіс, ел тарихындағы елеулі кезеңдердің көркемдік шежіресі осы кезең поэзиясындағы елеулі бетбұрыстар болып табылады. Қазақтың көрнекті ақыны Қадыр Мырзалиев XX ғасырдағы қазақ халқының бастан кешкен өмір тарихын арқау еткен елеулі поэзиялық туындылары «Заманай» (1997), «Бес жыл өткен соң» (1997) поэмаларын жазды.

1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі хақында Асқар Егеубаевтың «Желтоқсан», Несіпбек Айтұлының «Мұқағали – Желтоқсан», Зәбира Сүлейменқызының «Желтоқсан ызғары» поэмалары жазылды.

XX ғасырдың жойқын зобалаңы – ядролық сынақтар апаты тұрғысында жазылған эпикалық туындылардың бірі – Қабиболла Сыдиықұлының «Жан дауысы» дастаны.

Алдаспан ақын Махамбет тағдыры арқау болған Темірхан Медетбектің «Махамбет рухының монологі», Жәркен Бөдешұлының «Жақия», Серік Тұрғынбекұлының «Махамбет және Жәңгір хан» атты поэмаларындағы тәуелсіздік рухымен астасқан көркемдік таным поэзиядағы жаңа көркемдік беталыстарды айғақтай түсті.

Осы кезеңдегі кең құлашты эпикалық үрдістің жаһандық, жалпыадамзаттық өредегі даралық сипаттарын түзуде Мұхтар Шахановтың «Жадыгер жады космоформуласы» (1999), «Өркениеттің адасуы» сынды шығармаларының өзіндік орны болды.

Қажытай Ілиясұлы өмірден озғанда туған ұлты қайталанбас тағдырлы тұлғаны лайықты жоқтады. Мерзімді басылымдарда осы бір жұмбақ адамның шығармашылығындағы барды барлаған материалдарды басып жатты.

Ұлттық құнардан өсіп-өнген, кісілігі де, кішілігі де ұлтынан дарыған дарын Абай айтқандай, «жақсы өліпті».

Есею жылдары қазақ дейтін халықтың қайталанбас, қаймағы бұзылмаған өмір дағдысы мен уайымсыз қайтусыз бүлінгендей ендігі қиюы қашып, бояуы оңған басқа ортасында қатар өткен тұлғаның – шамырқанып, шамданып, тұлданып ғұмыр кешкен шығармашылық тұлға Қажытай Ілиясұлының әмбебап дарыны ұлттық айрықшалықтарымен көңіл көншітеді.

Ол туралы кім, не айтса да азамат ердің кісілік бөтен бітімі кимелеп алдыңғы көрініске шығыпты, оның жайынын сөйлеген жан ырықсыз, еріксіз мінез ашып, характерін түгендеп, тамсана ой төгіпті. Бәсін көтермей-ақ баға беріпті.

Қайда жүргенде де қашан жүргенде де өз ортасында байлық, биліксіз де ықпалды болғаны рас еді... «Жағымсыз» сыпатты мінезі қандай жұғымды болған. Жан ашқан әрекеттері кім-кімнің де жадында өшпей сақталыпты. Ұмыттырмас, қимас ісі көп екен.

Ол көл-көсір мейірім, шапағат, адамсүйгіштік жайылған; көңілі түссе көпке жағатын, «айтпаса сөздің атасы өлетіндей» әкей өлсе де тастайтын текті бабаларына, арғықазаққа тартып туыпты, бойын бұзбай, былғанбай, еңсесін түсірмей ғұмыр кешіпті. Қазақтың Қажытайы атаныпты.

Ол туралы естеліктерден шешімді, кесімді тұстарда жанын сан мәрте ар көкпарына салып отырудан тартынбағанын білдік.

Кісіге, қолдан келгенде, атасы жасамас жақсылықпен өз сыбағасын тартынбай ұсынғанына марқайдық. «Көзіне жеті өреде Күн түспеген» ақынның әр жанрдағы туындыларындағы фольклорлық, арғықазақтық таңбалар; «кісіліктің жанарысын күзеткен», «ұйқы беріп, қайғы алған», обал-сауаптық түбіне шөпкен жан алаңы; жарым жердің суретін жиған альбом – жүрек, Сары даланың қазақы иісі аңқыған тұла бой, тұтас тұлғасы – өзгеден өзгелігі елеңдетіп отырады. Жоғалтқан, келмеске кеткен ұлттық бітім айрықшалықтары жанға майдай жағады.

Өмір қауыштарын өзгеге ұқсатпай, теңеуі бөлек, тегеуріні бөлек көркем суретке түсіру көргіштігі, көрінісшілдігі көңілге түрлі ой салады.

«Балалық» атты өлеңі «шалшықтағы шынтақтай шұбар балықпен» ақ шалқар көркемдік айдынына айналыпты. Басы сайран, аяғы ойран адам ғұмырының тылсым жұмбағы қарайлатады. Базына айтқызады.

Алдың қызық, балалық, артың қалай,
Түнердім баяғыша жарқылдамай?..
Өзім жүрмін, жүгіріп өз кеудемде,
Қайта көрген дыбыссыз картинадай.

Ішінде балалық шағы жүгіріп жүрген адам күйі туралы өлең тілінде сөйлеудің қайталанбас, қайталанбаған озық бір құпиясы.

Қажытай Ілиясұлы поэзиясында дүниеде баламасы жоқ ұлттық сөз өнерінің нысаналы, таңбалы, сәулелі көз шарпыған нақыштары өміршендікпен айшықтанды. Тіл қолданыста қаптаған қолдай көп сөзді қапысыз сөйлетті. «Аңғарлы әке» тіркесі, көзін жаңа ашқан күшіктің «жауқабағын» байқай қалу сыншылдығы, «Сұр көжек» өлеңіндегі жан серпіні, көңіл екпіні дыбыс қуалау суылдаған ұшқырлық, ат ойнатқан қазақ ұланының елтіген перішалыс құмарлығы. «Өлеңге өлшем» өлеңі. Сөз киесі. Сөзді қорламау.

«Қыран хикметі» өлеңінде ақын тағы бір тосын тапқырлығымен таңқалдырады. Осыны бұрында біреу айтты ма? Еске түспеді.

Құтырып көпке, сағына самғап шықтың да,
Құлқының құрып, түстің бе, торға – тұтқынға?!

Тіршілік атаулыға үн қосу, мұндасу – ақынның ізгі миссиясы. Қажытай ақынның қаға беріс қалдырғаны жоқ. «Саятта» өлеңінде (1964) тұз тұрғындарының ежелгі жан құмары, өмір дағдысы, көрініс тұрған және бір дара туынды қалпында таңбаланыпты. Табиғатқа еміну, елжіреу. Сенім. Серпілу. Сергу. Лирикалық қаһарман. Аң аңдыған ен далада құрулық жан тартып шапқан аңшыдай байқампаз, алымды, құмар. Мұнар бұлттың сақалын тарайтыны да рас осындайда.

Дарабоз дарынның бір сала туындылары – ән өлеңдер. Қажытай ақын мұнда да ән өнеріндегі ұлттық, далалық негіздерді байыта, дамыта, бұрынғыға бөтен, жат өмірде де көңіл толқынын баяғыша бәз қалпында үйіріп, иірімдетіп жеткізу дәстүрін бұзбай өнер шашты. Оның әндерінде қайталанбас, баламасы жоқ, салсерілердің төлтума шығармашылық дәстүрі бүгінгі уақытты жатсынбай тыныс ашты.

Домбыра тәрізді ғой дарқан адам,
Пәниде жыр құмары тарқамаған, –

дейді шалқар қазақы таным (Домбыра, 1965 ж.).

Булыққанды борандай боздатып күй төгіп басылатын тіршілік тылсымы. Күні өтіп бара жатқан ұлтына жоқтау айтқан күйші мұңы....

Оның ән өлеңдерінде қазақы алымды, алақұйын аңғарлы мінез ұлттық маңыз мазмұн түзді. Тамсана тыңдайтын таза сұлулық болып құйылды. «Ән туарда» (1990 ж.) атты шығармасында шығармашылықтың тылсымын басқалар таба қоймайтын тұстан тап басып, аңлатуды сезінеміз. «Мың бестілік» ән жолында ақын ой көшіреді, астаң-кестең болады, елеңдейді, елегізеді, елітеді.

Құсына көңілімнің із кестіріп,
Еркімді алақашты бір кешкі үміт.
Әлгі әуен бірде естілмей, бірде естіліп,
Өзімді жұтатындай күн кешкіріп.
Сәулелі сахарадай көкірегім,
Сабылған мың көш шығып, мың көш кіріс.

Ақын қашанда жарты сөзден жай түйетін аңғарлы қуғынсүргінге түскен момын елінің қасіретін көзі көрді. Жүрегіне түсірді. Кей сәт «жаным суып ұқсайды, тундраға» десе – иланымды. Қазақы қажыр қанында қалған ақынның құр айғай, құрғақ дабырасыз айтқаны тартады.

Ұлттық мінез, ұлпа, майда емес.
Қайсар, өжет, тіпті – шатақ
Арамды тазартатын ағын, суша,

Тасимын ерегісіп, сағым сынса.

Тобылғы түрлі түз тұрғынының байырғы бабалар ғұрпының сәулетімен нақышталған бай сөздік қоры жанға майдай жағады. Тым жұғынды. Қажытай Ілиясұлының поэзиясындағы көнені кәдеге жарату, жаңа өрнектер жасай қоюға икемділік дағдыларының басымдығы – қазіргі ұлттық сөз өнерінің бұзылмайтын, бүлінбейтін таза негіздерінде елеулі мәнге ие көркемдік тұғырлар. Шығармашылықтың ұдайғы, тоқтаусыз сапырылысында ақын айрықша назар салып отырған елеулі нысанның бірі – көшпелі өмір салты. Оның өркениет кеңістігіндегі сәулелі ғұрпы, ғұмыр кешіп жатқан алысы мен жақыны, жарығы мен қараңғысы, қысы мен жазы. Абай айтты. Басқалар да тоқтаусыз айтқан. Қажытай ақын да айтады.

Қазақты алшаң бастыратын тарихтың бір қалтарысында қалып кеткен қолайлы ортаға ынтықтыратын жырларымен Қажытай Ілиясұлы ұлттық сөз өнеріндегі өз әлемін ашты.

Оқшау, оңаша дүниесін қымтамай, ашық-шашық күн кешетін атымтай жомарт, әсіре тәуекелшіл лирикалық мұңлық кім-кімді де жатсынбайды, іш тартып тұрады, сөзін сөйлейді, кісілік абыройын қорғайды.

Қазіргі дәстүрі бай, поэтикалық даңқ тұғырынан түспеген қазақ поэзиясының ұлы дүбір, үлкен шоғырында ұлт ақыны дәрежесіне жеткен қадау-қадау тұлғалар жасады. Бар...